

Қазақстан Республикасындағы өткізу пункттері туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қазан 1992 ж. N 906

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кірмейтін мемлекеттермен сауда-экономикалық, мәдени және басқа байланыстарды одан әрі кеңейту мақсатында және мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін ашу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы 1992 жылғы 10 тамыздағы Келісімді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мынадай өткізу пункттеріне:

Алматы қаласындағы "Алматы" әуежайына
< * >

Талдықорған облысындағы "Достық" автомобиль өткізу пунктіне

Талдықорған облысының "Қорғас" өткізу пунктіне

Семей облысының "Бақты" өткізу пунктіне

Алматы облысының "Қалжат" өткізу пунктіне халықаралық мәртебесі берілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ 4-абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.02.03.

N 136 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.27. N 1897 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.03. N 648 қаулысымен.

2. Екіжақты автомобиль жүктері мен жолаушылар қатынасы, сондай-ақ ресми делегациялар үшін:

Алматы облысының "Нарынқол"

Шығыс Қазақстан облысының "Майқапшағай"

Шығыс Қазақстан облысының "Алексеевка" өткізу пункттері ашық деп жариялансын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.27. N 1897 қаулысымен.

3. Халықаралық авиация және теңіз тасымалдары үшін:

Атырау облысы Атырау қаласындағы "Атырау" әуежайы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы "Ақтау" әуежайы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы "Ақтау" теңіз тұрақжайы ашық деп саналсын.

Маңғыстау облысы Баутино кентіндегі "Баутино" теңіз порты".<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1085 қаулысымен.

4 . < * >

5 . < * >

6 . < * >

7 . < * >

Ескерту. 4,5,6,7 тармақтар күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.04.29.
N 520 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі аталған пункттердің ашылғаны және азаматтарды, көлік құралдарын, жүктерді, басқа да заттарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу тәртібі туралы хабарды мүдделі шет ел мемлекеттерінің өкілдіктеріне жеткізсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК